

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ШЕТЕЛДІК СӨЗДЕР: ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН СЕБЕПТЕРІ

МАЛИКОВ Қ.Т.,
Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ профессоры
филология ғылымдарының кандидаты,
АЛШАБАЕВА А.Б.,
PhD докторант.
Астана, Қазақстан

Бұл мақалада қазіргі қазақ тілінде қолданылатын шетелдік сөздер мәселесі талқыланады. Соның ішінде ғаламтор желісінде қолданылатын шетелдік сөздердің ерекшеліктеріне, функционалдылығына ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі контекстінде шетелдік сөздердің қолдану себептері анализі жүргізілген. Демек, онлайн коммуникациядағы байланыстың ерекшелігіне әсер ететін факторлар сараланды. Экспрессивтілікпен ерекшелінетін тіл ғаламтор кеңістігінде қарқындылықпен жүретін сөзжасам процестері сипатталып, өзекті мысалдармен қорытындыланған.

В этой статье обсуждается проблема иностранных слов, используемых в современном казахском языке. В том числе особое внимание уделено особенностям, функциональности иностранных слов, используемых в сети Интернет. Также проведен анализ причин употребления иностранных слов в контексте казахского языка в социальных сетях. Следовательно, были проанализированы факторы, влияющие на специфику онлайн-коммуникации. Подробно описаны интенсивными словообразовательные процессы в пространстве интернета и закреплены актуальными примерами.

This article discusses the problem of foreign words used in the modern Kazakh language. In particular, special attention is paid to the features and functionality of foreign words used on the Internet. The analysis of the reasons for the use of foreign words in the context of the Kazakh language in social networks is also carried out. Consequently, the factors influencing the specifics of online communication were analyzed. Intensive word-formation processes in the Internet space are described in detail and fixed with relevant examples.

Бүгінгі таңда интернет-дискурс адам өмірінде үлкен орын алады. ‘Публицизм’ қазіргі заман шежіресі ретінде қабылданады, өйткені, ол бүгінгі тарихты толық көрсетеді, қоғамның өзекті мәселелерін – саяси, әлеуметтік, тұрмыстық, философиялық бағыттарды да қамтиды. Қазіргі уақытта публицистикалық стилінің экспрессивтілігі ең белсенді зерттелетін лингвистикалық категориялардың бірі болып табылады.

Бұл экспрессивтілік нәліктен интернет желісінде соншалықты көп қолданылады деген сұрақ туындаса, онлайн қарым-қатынасқа түсідің сипаты мен ерекшеліктеріне үңіле қараған жөн.

Бірқатар авторлар белгілі бір дәрежеде компьютерлік байланыс мыналармен сипатталатынын атап өтеді: визуалды байланыстың болмауы (яғни қарым-қатынасқа түсетін адамдардың бір-бірін көрмеу); анонимділіктің жоғары дәрежесі; ауызша мінез-құлықтың әлеуметтік реттелуінің әлсіздігі; қатаң әлеуметтік конвенциялар мен мәдени шекараларды жоюлуы; еріктілік және байланыстарға ұмтылу; компенсаторлық тәжірибе ретінде мәтіннің эмоционалдық мазмұнына тұрақты ұмтылумен үйлесімде қарым-қатынастың эмоционалдық компонентінің қиындығы [1, 15]. Зерттеушілер онлайн коммуникацияға сонымен қатар бұл байланыстың ерекшелігіне бірқатар факторлар әсер ететінін атап көрсетеді:

1. Интернеттің әлеуметтік ортасының ортақ бір ережелерге бағынбауы, ғаламтор қызметтерінің алуан түрлілігі, бұл адамның ғаламдық байланысу тәсіліне әсер етпеуі мүмкін емес.

2. Ғаламтор желісінде остандық иллюзиясын құрылуы, дегенмен, бұл иллюзорлық еркіндік кейбір нормалар жиынтығымен реттелуі мүмкін, олардың бұзылуы түсінбеушілік пен екіншісіне қатысушылардың теріс қатынасын тудырады.

3. Бұл коммуникацияның анонимділігінің жоғары дәрежесі оған қатысушылардың сыртқы келбетіне, жынысына, жасына және әлеуметтік жағдайына байланысты көптеген коммуникациялық кедергілерді жеңуге мүмкіндік береді. Бұл шығармашылық еркіндік береді, сонымен қатар әдеттегі қарым-қатынасқа қарағанда әлеуметтік қашықтықты айтарлықтай азайтады.

4. Невербалды қатынастың аз деңгейде, немесе мүлде жүзеге аспауы. Бұл жеткіліксіздікті өтеу үшін көптеген экспрессивті сөздерді, шетеле сөздерді, жаңа сөздерді қолдану арқылы жеткізеді.

5. Интернеттегі коммуникацияның жазбаша сипаты ауызша сөйлеуге қарағанда қарым-қатынастың баяу әдісін көрсетіп, қарым-қатынас қарқынын бәсеңдетеді. Осының арқасында мәтін мазмұнының көлеміне қатысты ақпарат алмасу қарқынды болады.

6. Қарым-қатынастың толеранттылығы, ол осы қақтығысты әлеуетті түрде азайтады және басқаларға тікелей бағытталған емес, неғұрлым икемді коммуникациялық стратегияларды дамытуға ықпал етеді.

7. Коммуникативті жағдайды немесе серіктестің бейнесін аяқтау (құру) стратегиясының таралуы, жалпы алғанда, стереотиптер мен көзқарастардың әсерін күшейтеді, бұл барлық жерде стереотиптік прото-коммуникация дәрежесін арттыруы мүмкін. [2, 28]

Қарым-қатынасқа түскен кезде бұл ерекшеліктермен сипатталатын ортада, ғаламторда экспрессивтілік толық және айқын түрде беріледі, өйткені оның тілі оқырмандарға әсер етуге, оларды белгілі бір идеялармен шабыттандыруға, тәжірибелі сезім-қарым-қатынас түріндегі эмоционалдық реакцияның пайда болуына ғана емес, сонымен қатар әрекеттер мен іс-әрекеттер түріндегі реакцияларға ықпал етуге арналған.

Әр түрлі кірме сөздерді (шетел сөздері, англицизмдер, варваризмдер, экзотизмдер, т.б.) қолдану мәтіндерді сөйлеудің жарқын реңктерімен толтыруға мүмкіндік береді. Мәтіндерде қолданылған сөздер баяндаушыға оқиғаларды бейнелеуге, ой мен сезімді жеткізуге көмектеседі.

Экспрессивтілікпен ерекшелінетін тіл ғаламтор кеңістігінде сөзжасам процестері қарқынды жүріп жатыр. Шетел тілінен келген қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер морфологиялық, сондай-ақ семантикалық туынды сөздер негізі ретінде белсенді түрде қалыптасады. Бұлардың ішінде ең көп кездесетін сөзжасам түрлері:

- акроним;
- аббревиатура;
- реверсивті құрылыс;
- метафоралық аударма [2, 27]

Акроним - қысқартуды бастапқы әріптерден немесе сөз тіркесінің немесе сөздің компоненттерінен тұратын сөздің аббревиатурасы ретінде сипаттау. Бұл компоненттер сөздер немесе жеке әріптер болуы мүмкін. Қысқартулар, әдетте, сөздіктің бастапқы компоненттерінен қалыптасатын аббревиатура болса да, кейбір сөздіктерде, қысқартулар көбінесе бастапқы мағынасында сөз ретінде анықталады. [3] Мұндай қысқартулардың әмбебап стандартталуы жоқ, бірақ олардың қолданылуы бұрын шектеулі болса да, олар XX ғасырда кең қолданысқа енді. Бүгінгі таңда ғаламтор желісінде келесі шетел тілінен енген келесі акронимдер жиі кездеседі: *SMM* (ағылшын тілінің *SMM* сөзінің транслитерация арқылы берілген сөзі маркетингке байланысты жаңа мамандық атауы), *ID* (қазақ тілді контекстінде қолданылатын ағылшын тілінен алынған акроним, *FAQ* (веб сайттарда қолданылатын арнайы парақша, 'жиі қойылатын сұрақтар' мағынасында қолданылады)

Аббревиатура - бұл іс-қағаздар мен құжаттарды жазу барысында жиі кездесетін қысқарған сөздер. Олар бірнеше сөздердің бастапқы буындарынан және әріптерінен тұрады. Аббревиатуралар өз ішінде бірнеше топқа бөлінеді. Мысалы: 1) Инициальды түрдегі аббревиатуралар деп – сөздердің бастапқы әріптерінен жасалған аббревиатураны айтады. Яғни сөз тіркесіндегі әр сөздің бастапқы бірінші әріптерінен жасалады, жазылымды ыңғайту үшін қолданса, сөйлеу процессінде толық айтылады (мәселен, ‘CV’ шетел сөзі ғаламторда ‘түйіндеме’ сөзінің орнына қолданылады); 2) Буындық аббревиатуралар деп – күрделі атаулардың бастапқы буындарынан құралған қысқарған сөздерді айтады (мысалы, ‘фитбол’ жаттығу жасауға арналған арнайы үлкен доп, шетел сөздерінің ‘фитнес және доп’ сөздерінен қысқартылған, (‘ретвит’ әлеуметтік жүйеде қолданылатын ағылшын тілінің ‘re-’ префиксі мен ‘twitter’ әлеуметтік желісіндегі қызметінің атауы); 3) Аралас аббревиатура деп – күрделі атаулардың басқы буындары мен бастапқы дыбыстарынан құралатын сөздерді айтады. Яғни, аббревиатура жасаудың мұндай жағдайында қысқарған сөз жасаудың екі түрлі тәсілі де, әріптік және буындық қысқарту да пайдаланылады (‘влог’ сөзінің ‘видео’ сөзінің алғашқы әріпі және блог сөзінің қысқартылған буының қосындысы); 4) Жартылай немесе ішінара аббревиатура - қатарға буындық қысқарымдар мен толық сөздердің бірігуінен жасалған сөздер. Аббревиатураны құрайтын сөздердің бәрі буындық қысқарымға ұшырамай, жартылай немесе ішінара қысқартылып, өзгелері сол қалпында қысқарған сөз құрамына енетін аббревиатура түрі (‘вебинар’ сөзін қарастырсақ, алғашқы бөлігі ‘веб’ – ‘web’ сөзі және ‘семинар’ сөзінің қысқартылған формасы түрінде, ғаламторда онлайн өткізілетін семинар мағынасында қолданылады). [4, 10-11]

Жаңа сөздер тіл дамуының, қалыптасуының ерекше айнасы. Олар сыртқы факторлардың әсерінен тілдің өзгермелі қызмет ету жағдайларына бейімделуін көрсетеді. Жаңа сөздердің қалыптасуына өмірдің мәдени, тарихи және әлеуметтік-саяси жағдайлары әсер ететіні сөзсіз.

Шетел сөздерінің қазақ тілінде пайда болу себептері дәстүрлі түрде екі топқа бөлінеді: сыртқы факторларға байланысты және ішкі факторларға байланысты. [5, 112]

Тілге сыртқы себептер, яғни экстралингвистикалық, жаңа құбылысты белгілеу қажеттілігімен байланысты, мысалы: *океанариум, фриланс, дрон, маршрутизатор, QR код, аймакс, майнинг*, т.б

Уақыт өте келе жеке тілдік формалар желілік коммуникация субъектілерінің көпшілігімен біріктіріліп, қайталаынады. Мұның есебінен вербалданбаған модельдер адамдардың санасында орын алады, соған сәйкес желілік тілдің дамуы орын алады.

Желілік шетел тілінен келген жаңа сөздер пайдалану соңғы уақытта шекаралармен және ғаламтор коммуникацияларымен шектелмейді, оның шегінен шығып, дәстүрлі тіл үшін үнемі өсіп келе жатқан бәсекелестік тудырады. Бұл жағдай желілік тілдің қарқынды дамуын және оның функционалдық стильге айналуын көрсетеді, оның ерекшеліктерін зерттемей, тілдік лексиканы қалыптастыру мүмкін емес. Ақпараттық технологиялардың қарқынды түрде жылдам даму үдерісі байланысты электронды түрде, яғни онлайн, жүзеге асыруды бірінші орынға қоюға түрткі болды. Демек ғаламтордағы коммуникация түрі, онлайн коммуникация, адам өмірің барлық салаларын қамтыды. Сондықтан да онлайн коммуникацияға түскен қатысушылардың ойларын дұрыс түсіну, меңгеру және жеткізу мәселесін зерттеу өзекті болды.

Ғаламтор қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің негізгі көздерінің біріне айналууда. Бұл ортадағы неологизмдер тұрақтылықпен сипатталады.

Мысалы, жаңа техникалық құралдардың пайда болуына байланысты *гаджет* сияқты жаңа термин пайда болды, қазіргі заманғы пайдаланушылар түпнұсқа, стандартты емес техникалық құрылғыны бұл сөзбен атайды. Бүгінгі күні гаджетті қолыңызға қоюға немесе телефонға қосуға болатын кішкентай кез келген сандық құрылғы деп санауға болады. Тағы бір техникалық кірме сөздің бірі «*браузер*». Бұл веб-сайттарды көруге, веб-беттерді сұрауға арналған бағдарламалық құрал.

Қазақ тілінде күн сайын жаңа сөздер көбейіп барады. Көбінесе, жаңа сөздер шет тілдерінен, ең алдымен ағылшын тілінен алынған. Сонымен қатар, бұл сөздер шұғыл қажет емес және қазақ тілінде баламасы бар. Онда неліктен жастар ‘бетпе-бет’ сөзінің орнына ‘face-to-face’ сөзін қолданады, ‘шақыру’ сөзінің орнына ағылшын тілінен алынған ‘инвайт (invite)’ сөзін транслитерация арқылы жазып қолданады? Мұны қоғамдағы әлеуметтік, саяси, психологиялық көзқарастардың өзгеруімен түсіндіруге болады. Бүгінгі таңда ақпарат алудың негізгі көзі ғаламтор болып табылады. Ал өз кезегінде ғаламтор жер бетіндегі адамдардың тілдерін ортақ бір жүйеге келтіретін, жаһандандудың бірінші айнасы. Ғаламтор кеңістігіндегі қолданылатын жаңа сөздер үнемдеуге, қысқартуға ұмтылған. «Жаңа норма, неғұрлым еркін және сонымен бірге аз анық және бір мағыналы, жаппай басып шығарудың әсерінен болып шықты. Теледидар, радио, мерзімді басылымдар, жалпы, бұқаралық мәдениет күннен-күнге жанданып келеді сән денелері», жаңа тіл талғамының «тәрбиешілері» [2, 31] Демек, қысқартылған сөздерді немесе көп сөздермен түсіндіруді қажет ететін үдерісті бір сөзбен қысқаша жеткізу әлдеқайда ыңғайлы әрі уақыт үнемдеуші болып көрінеді. Мысалы, “банк есепшотын қадағалауға арналған телефонға арналған қосымша” деп түсіндіргеннен ‘*банкинг*’ шетелдік сөзін қолдану бүгінгі күні әрі оңай, әрі түсінікті, сұрақтар туғызбайтын мәселе. Немесе әлеуметтік желілерді ‘жеке байланысқа жазыңыз’ дегеннің орнына ‘*дайректке жазыңыз*’ деп қолданылады.

Тілші ғалымдарының көпшілігі іс-әрекет тілінде тілдік үнемділік принципінің бар екенін мойындайды. Дегенмен, жоғарыда көрсеткендей, бұл құбылыстың себептерін түсінуде айырмашылықтар бар. Үнемділік үдерісі тіл дамуының жетекші факторларының бірі ретінде қарастырған А.М.Пешковский, А. Мартине, Б.А. Серебренников сынды ғалымдардың пікіріне қосыламыз. Лингвистикалық үнемділіктің түпкі себебі - есте сақтау жұмысын, сөйлеуді өндіру мен қабылдауға байланысты белгілі бір психикалық операцияларды жүзеге асыруды қиындататын шамадан тыс психофизиологиялық күш-жігерден аулақ болуға ұмтылатын адам ағзасының өзі. [1, 17]

Қорыта айтқанда, басқа тілдерден сөздерді алу себептері арасында саяси, мәдени, әлеуметтік, ғылыми, техникалық немесе экономикалық салалардағы тілдердің тілдік байланыстары мен өзара әрекеттесуін (жаңа өнімдер импорты, бедел сезімі, кәсіби тілдердің интернационализациясы) атап өтеміз. Сондай-ақ интралингвистикалық себептер, мысалы: ана тілінде қажетті сөз, термин жоқ, алынған сөз реципиент тіл үшін жаңа ұғымды білдіреді. Объектілер мен құбылыстардың жаңа белгілеулерінен басқа, бұрыннан бар белгілердің екінші нұсқалары пайда болуы мүмкін, олар коннотативтік немесе экспрессивті терминдермен ерекшеленеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Белькова А.Е. Семантико-стилистическая специфика неологизмов в интернет-ресурсах / Международный научно-исследовательский журнал: Сборник International Research Journal Conference VII. – Екатеринбург: МНИЖ, 2015. – No 11 (42). – стр.11-18

2 Белькова А.Е. Функционирование неологизмов в интернет-ресурсах: на материале сайта Noname. Монография. – Издательство НВГУ, 2018г. – 111стр.

3 Акроним мен акростикалық айырмашылық <https://kk.mldunbound.org/contrast/difference-between-acronym-and-acrostic/>

4 Құрманбайұлы Ш. Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер. - Алматы, 2013. – 293 б.

5 Сүлейменова Ә.Д., Авакова Р.А., Мадиева Г.Б. Қазақ тілі лексикалыққорындағы шетел сөздер / ҚазМҰ хабаршысы. Филология сериясы № 37. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – б.112-113.